

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЖАМБЫЛ ГУМАНИТАРЛЫҚ -
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАМБЫЛСКИЙ ГУМАНИТАРНО -
ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

*“Әлемдік өркеніет және оның
дамуындағы ғылымның әлеуетін
арттырудың өзекті мәселелері”
халықаралық ғылыми-
практикалық конференциясы*

18-19 сәуір 2014 ж.

*Международная
научно-практическая конференция
“Мировая цивилизация и актуальные
проблемы повышения роли научного
потенциала в ее развитии”*

18-19 апреля 2014 г.

Тараз-2014

ЖАМБЫЛ ГУМАНИТАРЛЫҚ-
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ



ЖАМБЫЛСКИЙ ГУМАНИТАРНО-
ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

**«ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ
ҒЫЛЫМНЫҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы**

18-19 сәуір 2014 жыл



**Международная научно-практическая конференция
«МИРОВАЯ ЦИВИЛИЗАЦИЯ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
ПОВЫШЕНИЯ РОЛИ НАУЧНОГО ПОТЕНЦИАЛА В ЕЕ РАЗВИТИИ»**

18-19 апреля 2014 года

I ТОМ

Тараз 2014

УДК 001
ББК 72.3
Ә 52

**Редакция алқасы:
Редакционная коллегия:**

*Төраға - э.ғ.к., профессор Қошқаров Ж.Қ., төраға орынбасары – Төлеев Т.Н.,
акдемик, п.ғ.д., профессор Сәлімбаев О.С., п.ғ.д., профессор Сарыбекова Ж.Т.,
акдемик ф.ғ.д., профессор, Құлбарақ С.О., ф-м.ғ.к., профессор Ақтаев Е.Қ., т.ғ.к.,
профессор Аширбаева К.А., э.ғ.д., профессор Мухамеджанов В.Н., э.ғ.к., доцент
Жүніс Б, т.ғ.к., доцент Замятина Г.Ф., ф.ғ.к. Сапарбекова Г.Ж., п.ғ.к. Санай Г.Е.,
бас маман Абдрахманова Р.Д.*

Ә 52 *Әлемдік өркениет және оның дамуындағы ғылымның әлеуетін арттырудың өзекті мәселелері = Мироя цивилизация и актуальные проблемы повышения роли научного потенциала в ее развитии:* халықар. ғыл.-тәж. конф. еңбектері: – Тараз: Жамбыл гуманитарлық-техникалық университеті, 2014. Т.1. – 491 б. – қазақша, орысша

ISBN 978-601-7155-52-0

«Әлемдік өркениет және оның дамуындағы ғылымның әлеуетін арттырудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері жинағында жалпы өркениеттің даму шегінде Қазақстанның құқықтық жүйесін жетілдіру мәселелері, педагогикалық білім беруде интеграциялық іс-әрекет, экономиканы басқарудағы жаңаша қадамдар, білім беру жүйесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, полилингвизм және тілдерді үйренудегі инновациялық технология, ХХІ ғасырда жаратылыстану-гуманитарлық ғылымдардың дамуының жаңа тенденциялары осы бағыттар бойынша ғылыми материалдар жарияланады.

В материалах международной научно-практической конференции «*Мироя цивилизация и актуальные проблемы повышения роли научного потенциала в ее развитии*» рассматриваются проблемы совершенствования правовой системы Казахстана в рамках общего цивилизационного развития, интеграционные процессы в педагогическом образовании, новые подходы в управлении экономикой, информационно-коммуникационные технологии в системе образования, полилингвизм и инновационные технологии при обучении языкам, новые тенденции развития естественно-гуманитарных наук в ХХІ веке

**УДК 001 (063)
ББК 72.3**

ISBN 978-601-7155-52-0

© Жамбыл гуманитарлық техникалық университеті, 2014 ж.
© Жамбылский гуманитарно-технический университет, 2014 г.

пәнінде пайдалану үшін көнекөз қариялық адамгершілік, инабаттылық, кісілік, имандылық туралы естерінде қалған мақал-мәтелдерді және аңыз-әңгімелерді жинап әкеледі.

Халықтық педагогикадағы тәрбие құралдарының бірі болып табылатын ырымдар мен тыйымдарды пайдалану жастарды оғаштық жасаудан, жаман істерден сақтандырып, адамгершілік қасиеттерді бойына дарытуға итермелеп отырған. Енді студенттерді инабаттылыққа, адамдар арасындағы шынайы қарым-қатынасқа, табиғатты аялауға тәрбиелейтін тыйым сөздерге тоқтала кетсек: «Үлкеннің алдын кесіп өтпе», «Аманатқа қиянат жасама», «Өтірік қуәлік жасама», «Көп ішінде қатты күлме», «Әдепсіз сөзді айтпа, өтірік айтпа», «Әйелге күш көрсетпе», «Шақырмаған жерге барма» т.б.

Педагогикалық жоғары оқу орнындарында халықтық әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлерін біліп, естіп, онымен таныс болып, өздерінің өмірінде олардың өзіне деген ықпалын сезініп, түсініп келетін жастар да аз емес. Студенттердің адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда әдет-ғұрыптар, дәстүрлерімізді білудің әлеуметтік-педагогикалық мәні өте жоғары болмақ. Халық дәстүрлерінде жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде халқымыз нақты принциптерді (табиғилық, бірзділік, әділеттілік, сенімділік, ұждандылық, іскерлік) және амал-жолдарды (үйрету, көрсету, жаттығу, қайрымды, ілтипатты қарым-қатынас жасау, адамгершілік сезімін ояту, ақыл-кеңес беру, өзіне сенім арту т.б.) пайдалана отырып, олардың бойында адами асыл қасиеттерді орнықтыруға ықпал етеді, өйткені қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінде, халықтың даналығы, педагогикалық тағылымдары, оныңбаға жетпесадамгершілік этикалық тәжірибесі көрініс тапқан.

Жоғары оқу орындарында студенттердің тұлғалық қалыптасуына ұжымда орныққан адамгершілік көзқарас жүйесі айтарлықтай ықпал жасайды. Болашақ педагог-психологта адамгершіліктің қалыптасуы әртүрлі практикалық іс-әрекеттер мен адамгершілік ағарту істерін ұйымдастыру жолдары арқылы жүзеге асады. Сондықтан халық педагогикасының тарихи-этнографиялық, әлеуметтік негіздерін, мазмұны мен әдістерін, ерекшеліктерін анықтап, онымен оқу пәндері, оқудан тыс және қоғамдық жұмыстарда студенттерді қаруландырса, олардың тиімділігін арттыруға жағдайлар туғызады.

Адамгершілік тәрбиесінің мәні түсінігінен студенттерді тәрбиелеуге байланысты негізгі міндеттер туындайды. Олар мыналар: студенттерде мақсаттылықты, ішкі сұраныспен өмір сүру, барлық жағдайларда жоғарғы адамгершілік идеяларды басшылыққа ала отырып, оларды жүзеге асыруда белсенділік көрсетуге, сондай-ақ, тұлғалық адамгершілік тазалыққа, адалдық, принципшілдік, жауапкершілік, шыншылдық, гумандық қасиеттерге, қоғам мен ұжым көзқарасын түсіне білу дағдысына, халықтың қол жеткен жетістіктеріне аялы көзқарасқа, терең адамгершілік мәдениетке тәрбиелеу, болашақ педагог-психологтың халық алдындағы өзінің парызын сезінуін, жаңа адамды оқыту және тәрбиелеуде жауапкершілігін қалыптастыру.

Қорыта келе, адамгершілік тәрбиесі-үзіліссіз жүргізілетін үрдіс, ол адамның өмірге келген күнінен бастап өмір бойы жалғаса береді. Сондықтан студенттердің адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және дамыту, оларға ұлттық, адами тұрғыда тәлім- тәрбие беру маңызды болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. // Білім-образование. №1, - 2004.
2. Назарбаева С.А. “Өзін-өзі тану”. // Жоғары оқу орны оқытушыларына арналған әдістемелік құрал. – Алматы: “Бөбек” РОО, 2004. Б.18-26.
3. Ерғалиева Г.А. Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде студенттердің өзін-өзі тәрбиелеуінің педагогикалық шарттары. Атырау, 2006

ӘОЖ: 45/98.5 (174)

СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

**Сейітнұр Ж.С., Глеугабылова З.А., Исмаилова Г.А.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.**

Аннотация:

Авторы данной статьи пытаются раскрыть систему менеджмента качества обучения в высшей школе. Объективная оценка знаний студентов, основанная на открытой рейтинговой бальной системе, позволяет студентам углубленно изучать учебный материал. Систематическая

самоподготовка и развитие критического мышления явились положительным результатом модульного обучения кредитной системы.

Resume:

The authors of this article are trying to solve the system of quality management education in high school. Objective assessment of students' knowledge, based on the open rating point system, allow students to study deeply the training material. Systematic self-study and the development of critical thinking were positive modular training credit system.

Бүгінгі таңда еліміздің жоғары мектебі оқыту мен бақылаудың инновациялық технологиясын әзірлеу мен енгізуге байланысты сапалы өзгерістерге ұшырауда. Соның бір көрінісі ретінде студенттердің білімі мен дағдыларын объективті бақылауға мүмкіндік береді деп болжанған рейтинг жүйесін айтуға болады. Рейтинг (ағылш. rating) - белгілі бір нысан мен құбылыстың мәнділігі мен маңыздылығын сипаттайтын сандық немесе реттік көрсеткіш. Студенттің рейтингі оның жоғары оқу орнында оқыған кезеңіндегі үлгерімінің жеке кешенді көрсеткіші болып табылады.

Педагогика бойынша орысша-қазақша түсіндірме сөздікте: «рейтинг, рейтингтік бақылау (rating - класс, разряд, дәреже, баға, қоғамдағы орны деген сөзінен алынған) - әр жұмыс оқулығын (модульді) оқуды логикалық аяқтайтын және тыңдаушылардың алған жүйелеу дағдыларын инженерлік, экономикалық, басқару шешімдерін талдау, жүйелеу және болжау іскерліктеріне ауыстыру қабілетін қалыптастыруға әкелетін жүйелі бақылау. Пәнді оқудың модульдік формасында модульдердің (жұмыс оқулықтары) саны мен мазмұны, олардың әр қайсысында теориялық және тәжірибелік бөліктерінің ара қатынасы, олардың кезегі, үй тапсырмасын орындау кестесі, қорытынды бақылаудың мазмұны мен формасы анықталады, әр модуль шеңберінде студенттің пәндік білімдермен де және оны қолдану тәсілдерімен де ісі болады, сондықтан модуль бойынша бақылау мазмұнды, іс-әрекет сипатында және аралас (материалды оқудың, экспериментті орындаудың немесе есеп шығарудың) болады. Рейтингті бақылау оқыту және кері байланыс жасау құралы болып табылады, мотивациялық және тәрбиелік қызметті іске асырады, өзін-өзі бағалау және өзінөзі бақылау іс әрекетінің дағдысын дамытады» деген түсінік берілген [1]. Рейтинг жүйесінде студенттің оқыту процесі барысындағы әрбір еңбегіне балл қойылып отырады. Рейтингтік бағалаудың мақсаты төмендегідей:

- студенттің оқу-танымдық іс-әрекетін олардың оқу материалдарын оқып-үйренуі мен меңгеру сапасын арттыру үшін ынталандыру, мұнда студенттің әр қилы жұмыс түрлерін кезеңдеп бағалау іске асады;

- студенттерді жүйелі жұмысқа үйрету, яғни оқу материалдарын ретсіз және кездейсоқ емес, күллі семестір барысында білу әрі меңгеру үдерісі орын алады;

- қорытынды бағаның объективтілігін арттыру үшін оның студенттің күнделікті жұмысы нәтижелеріне тәуелділігін күшейту;

Рейтингтік бағалау жүйесінде пән бойынша әр алуан рейтинг түрлері қамтылады: ағымдағы, аралық бақылау, өзіндік жұмыстар мен мұғаліммен бірлесе істеген жұмыстары және т.б. Оқу процесін бағалаудағы негізгі мәселе – оның сапалық күйін анықтаудың күрделілігі. Әдетте, оқу сапасы деп студенттердің алдына қандай да бір пәнді немесе оқу жоспары бойынша меңгеруге тиісті бірнеше пәндерді оқу кезінде қойылған белгілі талаптарды орындау қабілетін айтамыз [2, 176].

Сапаны көтеру үшін алдымен оны өлшей білуіміз керек. Оқу процесі нәтижесін, әсіресе студенттердің білім сапасын өлшеуде көптеген факторларды ескеру қажет, ол студент білімінің деңгейі, шығармашылық дәрежесі, дара тұлға ерекшеліктері, тексерудің жағдайы, орны, мезгілі т.б. білімді бағалауда тек тура көрсеткіштерді ғана ескермей кейбір жанама көрсеткіштерді (оқу міндеттерін ерекше жолмен шешу, өз бетімен қабылданған білімнің болуы, зияттылық көрсеткіші, студенттің кәсіби даму деңгейі) ескерген жөн.

Қазіргі таңда еліміздің жоғары оқу орындарында білімді тексеру мен бағалаудың рейтингтік - модульдік жүйесі кең көлемде қолданылуда. Бұл жүйе жоғары оқу орындарында білімді даралық тексеру құрылымының негізін қалайды. Жалпы, студенттерді оқытудың нәтижелерін, яғни білімін, біліктілігін және дағдысын бақылау - оқыту жүйесінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі. Бақылаудың психологиялық және педагогикалық мәні – студенттерге дер кезінде көмек көрсету, олардың шығармашылық ізденісіне, қабілетіне сенім білдіру, сонымен қатар бағдарламалық талаптарды нәтижелі етіп орындауға ынталандыру, сапалы еңбекке баулу болып табылады.

Жүйелі бақылау барысында студенттердің алған білімінің тек сандық сипатын ғана емес сапалық көрсеткішін де толық алуға мүмкіндік туады.

Студенттерді мамандыққа дайындау деңгейі негізінен жоғары оқу орындарында пәндерді оқу барысында алған білімдерінің сапасының объективті бағалануымен анықталады. Білім сапасын объективті анықтаудың тиімділігі оқу процесінде білімді тексеру мен бағалауда қолданылатын дидактикалық әдіс-тәсілдер жүйесімен қамтамасыз етіледі. Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында жоғары оқу орындарының студенттерінің білімдерін тексеру мен бағалау – білімді тексеру, бағалау және білім сапасын диагностикалаудың дәстүрлі және инновациялық түрлерінің сабақтастық жүйесі болып табылады және ол баллдық-рейтингтік технология арқылы тиімді жүзеге асырылады. Баллдық рейтингтік жүйе, жоғары оқу орындарында білім сапасын үздіксіз тексеру мен бағалау құралы ретінде оқыту субъектілерінің «оқытушы-студент» жүйесінде үзіліссіз әрекеттесулерін қамтамасыз етеді. Бақылауда рейтинг-тестік жүйесін қолдану ерекшелігі, оқу материалдары логикалық тұрғыдан аяқталған бөлік, немесе тарау болып саналатын модульдерге (блоктарға) біріктіріледі. Модульдердің саны оқу пәндерінің мазмұнының көлеміне байланысты белгіленеді. Модульдердің құрылымы оқу материалының белгілі бір бөліктерінен (порция) тұрады. Әрбір модуль нақтылы міндеттерден және өз бетінше тереңдетіп оқу тақырыптары мен тапсырмаларынан құрылады.

Бүгінде жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде кредиттік технология кең қолданыс тауып келеді. Басты мақсат – әлемдік білім беру кеңістігіне ену. Жоғары білім беру сапасын әлемдік білім беру талаптарына сәйкестендіру үшін білім беру жүйесіне жаңа технологияны енгізу жағдайында студенттердің білімдерін бағалаудың жаңа жүйесін жасау көзделеді. Кредиттік технологияға ерекше мән берілудің тағы бір сыры білім беру үдерісінің жаңа мәдениетінің қалыптасуына әсер ететін ғылыми бағыт – педагогикалық өлшемдермен байланысты. Дәстүрлі оқыту үдерісінде білім алушыға қойылатын талаптар мен нақты кәсіби қызметке жұмыс берушілер тарапынан қойылатын талаптар арасындағы алшақтық байқалуда. Сондықтан да күрделі кәсіби-өндірістік және ғылыми мәселелерді дербес шешуге қабілетті әрі шығармашылық қасиетке ие маманды қалыптастыруға мүмкіндік беретін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттігі туындайды. Оқыту жүйесін кредиттік оқыту технологиясын енгізу арқылы осы міндетті шешуге болады деп есептеледі. Оның дәстүрлі оқыту жүйесіне қарағандағы артықшылығын келесі жайттардан анық байқауға болады: кредиттік жүйе ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелерді кең көлемде қолдануға мүмкіндік береді; оқу үдерісінде қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалануға (интернет, спутниктік байланыс т.с.с.) болады; модульдік-рейтингтік жүйенің дамуына ықпал жасайды; білім беруде даралап оқыту жүйесін жетілдіруге көмектеседі; жеделдетілген оқыту құрлымдарын қолдануға (электрондық оқулықтар интерактивті тақта т.с.с.) үлкен мүмкіндік ашады; сондай-ақ, студенттердің ақыл-ойын, іскерлігін қалыптастыруға және олардың қабілетін, танымдық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

Кредиттік оқыту жүйесі оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылатын білім алушылардың білімдері мен біліктерін дұрыс және объективті ашық түрде тексеру мен бағалау жүйесін енгізуге негізделген. Мұнда бақылау мен бағалау жаңа маңызға және сапаға ие болады. Бұл жүйеде студенттердің білімдері мен біліктіктерін диагностикалау мен түзету, оқыту үдерісінің ағымдық, аралық кезеңдерінің нәтижелілігін есепке алу, оқытудың әр деңгейінде білім берудің қорытынды нәтижелерін анықтау мәселелеріне басты назар аударылады. Сондықтан да кредиттік оқыту технологиясында білімді тексеру мен бағалаудың дәстүрлі әдіс-тәсілдерін жаңа инновациялық тәсілдермен үйлестіруді педагогикалық бақылау мен бағалау критерийлерінің теориялық заңдылықтарына сүйене отырып жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Баллдық-рейтингтік жүйенің дәстүрлі тексеру жүйесінен артықшылығы келесі жайттармен айқындалады: барлық білім алушыларға бірдей мүмкіндіктердің берілуі; білімдерді бағалау мүмкіндігінше объективті болуы; өзара бәсекеге түсу студенттердің оқу қызметін ынталандырудың жетекші факторы болып табылуы; негізгі басымдық студенттердің өзіндік жұмысына берілуі; оқыту үдерісін ұйымдастыруға қатаң және формалданған талаптар қойылуымен маңызды.

Оқу үдерісінің әрбір кезеңдеріне байланысты білімді бақылау педагогикалық мониторинг ұғымымен тығыз байланысты. Мониторинг – мәліметтік көрсеткіштер мен жаңа технологияларды қолдану арқылы білім беру барысын үнемі бақылап отыру жүйесі. Бақылау нәтижесінің басты көрсеткіші – баға. Баға – студент еңбегінің жемісі. Баға – бағалаудан келіп шығатын сандық жиынтық. Ол студентті жақсы оқуға, сауатты, білімді болуға жетелейтін құрал десе де болады. Бағалау – барынша кең түсінік. Ол оқытушы мен тәлім алушы арасындағы оқу үдерісінің әрбір пән

бойынша атқарған қызметінің сапалық және сандық көрсеткіштерімен сипатталады. Бағалау жүйесі – оқыту технологиялары мен құрылымының өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Педагогика ғылымында жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білімді тексеру мен бағалау, жоғары кәсіптік білімнің теориялық және әдістемелік проблемаларына Е.П. Белозерцева, Т.М. Давыденко, И.Ф. Исаев, Н.И. Костин, Л.Н. Макаров, П.И. Образцов, А.Г. Пасков, Л.С. Подымов, А.И. Умананның және т.б. жұмыстары арналса, жалпы теориялық аспектілер мен білімді тексерудің дербес түрі мен тәсілдеріне В.С. Аванесов, Б.Г. Ананьев, С.И. Архангельский, В.Н. Ефимов, В.В. Карпов, Р.Я. Касимов, М.А. Чотановтың және т.б. еңбектері арналған. Ал білімді бақылаудың модульдік-рейтингтік жүйесіне В. Наделяев, Т.С. Куликова, Н.Ю. Коробова, С. Ершиков, В.Е. Сосенко, Г.Н. Юшко, Л.Г. Устинова, Н.А. Васильева және т.б. ізденістері арналады.

Психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге, жоғары оқу орындарында студенттердің білімдерін тексеру мен бағалаудың практикалық жағдайына талдау жасау білім сапасын бағалауды бірқатар проблемалар барын көрсетеді.

Рейтинг жүйесінің мақсаты: оқу-таным әрекетінің сапасын, нәтижесін арттыру; оқу-таным әрекетінің сапасын тексеру, бағалаудың тиімділігін жетілдіру және әділдігін орнықтыру; оқу-таным әрекетіндегі білім, білік, дағды сапасын, дәрежесін бақылауда жүйелілікті қамтамасыз ету; оқу-таным әрекетіндегі студенттердің жауапкершілігін, белсенділігін арттыру; тексеруде уақытты үнемдеу және т.б. делінеді. Әзірлеушілердің пайымдауынша, бұл жүйенің ерекшелігі оқытушының педагогикалық әрекеті мен студенттердің оқу әрекетінің сапасын жақсартуға мүмкіндік туғызады, оқу процесінің барлық кезеңдерінде олардың білім, білік, дағды нәтижелерін тексеру, бақылау және бағалаудың тиімділігін арттырады. Алайда, студенттердің білімін бағалау процесінде күні бүгінге дейін субъективизм (формализм) әлі де бар. Арнайы жүргізген психологиялық зерттеулер көрсетуінше, жауап берген төменгі курс студенттерінің 50% жуығы "Оқытушылар біздің білімімізді дұрыс бағаламайды, көбінесе шын дәрежесінен төмен бағалайды", - десе, ал жоғары курс студенттерінің 20%, керісінше, "Артық бағалайды", - деген. Бастауыш курс студенттерінің едәуір бөлігі (42%) : «оқытушының тапсырмасы бойынша түсінбесе де, жаттап келіп айтып, ол бетті одан кейін ашпайтындарын» айтады. Жауабын жаздырып жаттату, лекция бойынша сөйлеу, интернет арқылы жүктелетін көшірінді рефераттар, тест үлгісіндегі емтихандар студенттерге сапалы білім беру мен қабілетін шынайы өлшеуге жарамсыздығы себепті, жаттандылар жоғары балл алып, жасампаздар шетке қағылуы орын алады. Мұндай жағдай студенттердің ойлау, қиялдау, шығармашылыққа талпыну қабілетін шектеп, даяр жауапқа үйренген, өздігінен ізденбейтін жанға айналдырады, рухани жалқаулықты асқындыруға әкеп соғады. Мәселен, студент $1+1=2$ екенін білгенімен, бірақ не үшін $1+1=2$ болатынына ешқашанда бас қатырмайды да, "жаттанды сөз дауға жарамайды" демекші, қоғамдық өмірдегі күрделі мәселелерді шешуге дәрменсіз болып шығады.

Оқыту істерінде тыңдату, көрсету, ұшырастыру, елестетіру, сауалға бағыттау, шығармашылық барысында үйрену сынды көп өлшемді, көп тұрғылы үйретуді өнімді, жүйелі қолданудың техникалық жабдықталу жағындағы жетерсіздіктерін айтпаған күнде де, мультимедиялі оқытудың кешенді теориялық жүйесі, практикалық жоспары толық дәйектеліп, қалыптасып үлгірген жоқ. Түзу сызықты ойлау желісін бұзып, маңызды түйінді шашыратып ойлау әдісінің артықшылықтары оқыту әдіснамасында кең көлемді қарастырылмағандықтан түйіні бұлдыр, ойлауға жетелемейтін, өзінше жауап іздеттірмейтін, адамды жалықтырып-зеріктіретін, есте сақтау, ойлау қабілетін әлсірететін жаттанды оқыту сарыны студенттердің білімге құштарлық сезімін ірітіп, рухани жалқау болуға итермелейді. Мұндағы басты мәселе орта мектептерде қолдануға тиісті «үйретулік оқытудың» университетте де жаппай қолданылуында және «ізденістік оқыту» әдісінің бір бүтін кешенді теориялық және практикалық жүйесі жасалмауынан, инновациялық даму университет өмірінің бірінші басымдығына айналмауынан оқытуда білім алғандай түр көрсету қалыптасқан деуге болады. Жоғары курс студенттері кейбір конференцияларда тиіп-қашып мақала жазғанымен, соңғы дипломдық жұмыс жасағанымен, ол тек бір сәттік қажеттіліктен туған уақыттық шығармашылық қана болады және ол көбінесе жаттанды, оңай, шешімді тақырыптардан, мазмұндардан ұзамайды. Ал заманауи инновациялық ізденістік оқыту – сапалы білім беруде студентке әуел бастан бастап соңына дейін белгілі бір әлеуметтік қажеттілігі мен құны бар тақырыпты жүктейді де, соны шешуге іздену барысында керекті білімді өзі тауып алуға мәжбүрлейді. Ал оқытушы бұл жерде сабақ сөйлеуші емес, тек жетектеуші және мәселелерді шешуге көмектесуші ғана болады. Жауап айтылмайды, оқытушы сұрақтар көлемінде

шектеледі және мәселені шешуде студенттің белсенділігі мен ойлау ерекшелігі басты назарға алынады.

Бізге тағылнамаға немесе тәжірибе алмасуға келген шетелдіктер түсінбейтін жайтар кездеседі. Мәселен, университеттік Интранет жүйесі бойынша студенттердің сабаққа қатысу журналы әр апта соңында жабылады. Алайда студенттерге сабаққа қатыспаған пәндер бойынша тапсырманы қайта өткізуге, өтеуге мүмкіндік беріледі. Интранат жүйесі берілген мерзім біткен соң жабылған журналға оқытушы қалай баға қоюы тиіс екендігі түсініксіз. Мысалы, студент 10-аптада өткізуі тиіс тапсырманы 15- аптада орындады делік. Оның бағасын қай аптаға қоямыз? Әр аптаның өзіне тиісті үлесі барын ескерсек, шамадан тыс ұпай көрсеткіштері туындайды. Көптеген шет елдер де сабаққа қатысу журналы апта соңында жабылмайды екен. Кредиттік оқыту жүйесінде қойылатын бағаның әділдігі мен ашықтығына басымдылық беріледі делінеді. Баға әділдігі ұғымы дидактикада білімдердің нақтылығы мен олардың бірдей деңгейде болуы мәнінде қолданылса, философиялық тұрғыдан бағаның субъектіге, жеке тұлғаға байланысты емес екендігін мойындау мәнінде қолданылады. Баға әділдігінің философиялық аспектісі жайында сөз қозғағанда біз оның салыстырмалы сипатын ескереміз, демек баға бір мезгілде объективті де субъективті де бола алады. Әділдік анықтықты арттырып, білім сапасын жетілдіретіндігі, ал субъективтік керісінше, төмендететіндігі белгілі. Студентке қатысты ұнамды не кері қарым-қатынас күйін бағалауға, бағаға көшіру (оқытушы өзі ұнатқан оқушысына жаман, жек көрген шәкіртіне ұнамды баға қоюда тартыншақтыққа түседі), өткендегі бағаға жақындау бағаны қоя салу, орынсыз жомарттық пен кең пейілділік, көңіл-күйге орай баға қоя салу және т.с.с. баға қоюдағы субъективтіліктің орын алатыны еш күпия емес.

Еліміздің жоғары оқу орындарында қызмет істейтін авторитарлық әдіске бейім оқытушылар үшін студент білімін бағалау – жазалаудың бір түрі екенін айта кеткен жөн. Студенттердің білімін бағалау – оның жіберген қатесіне жазалау емес, жетістігін мадақтау, көтермелеу құралына айналуы тиіс. Білім беру ісіндегі басты басымдық – студенттердің жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, оларды дара тұлға етіп әзірлеу. Оқу үрдісінде басымдылық рөл оқытушыға емес, студентке берілуі тиіс, студент белсенділік көрсетуі тиіс, оны оқытпай, ол өздігінен оқуы керек. Оқытудың негізгі мақсаты - өз бетінше дами алатын жеке адамды қалыптастыру болғандықтан, оқытудың негізгі формасы – студенттермен бірлесе жұмыс істеу, әдістер жүйесін әр тараптандыру. Қорыта айтқанда, жоғары оқу орындағы бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған экономика ғылымдарының докторы, профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.

2. Ахметова Н.А. Модульно – рейтинговая технология обучения : научный подход. - Алматы, 2001.-341 с.

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

1, 2, 3 СЕКЦИИ

1 СЕКЦИЯ

Аусагатова Г.К., Нуртай М.Н. Қазақстандағы адам құқықтары.....	3
Байсариев А.Ж., Салихова А.А. Қылмыстық заңның қолданылуы және оның ерекшеліктері..	5
Бейсенов М.Т., Майкенова А.А. Проблемы становления правовой системы Республики Казахстан: некоторые теоретические положения.....	9
Джасабаева Ж., Иманбек Ә.Б. Қазақ әдет-ғұрпындағы жеке меншік құқығының мазмұны, мәні мен бастаулары.....	12
Джолдасова О.К., Сатылганов Е.Т. Бағалаушылар қызметін құқықтық реттелуінің шетелдік тәжірибесі.....	16
Жадраев И.К., Сатылганов Е.Т., Джолдасова О.К. Қазақстан Республикасындағы зейнетақы жүйесін реформалаудың құқықтық негіздері.....	18
Жексембиев А.Ж., Замятина Г.Ф. К вопросу о процессуальной самостоятельности Следователя.....	20
Замятина Г.Ф., Избасарова В.В. К вопросу о гуманизации уголовного и уголовно-исполнительного законодательства Республики Казахстан.....	23
Замятина Г.Ф., Омарова Г.Е. Интеллектуальный потенциал как ключевой ресурс социально-экономического развития Казахстана.....	26
Замятина Г.Ф., Избасарова В.В. Специфика эмансипации в гражданском праве Казахстана...	29
Запенова А.О., Жаксимбеков А.Б. Есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы әлемдік тәжірибе және оны қазақстан республикасында пайдалану мәселелері.....	31
Зулхарнаев С.Ә., Төлебаев К.С. Өлім жазасын тағайындау және оны орындаудың тарихи даму кезеңдері.....	34
Зулхарнаев С.Ә., Шукаманов А.Б. Сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселелері.....	37
Избасарова В.В. Актуальные вопросы наследственного права в Казахстане.....	40
Иманбаев А.А., Асанова С.Ә., Махан Т.У. Қоғамыздағы жастардың рухани-ізгілікті тәрбиелеу мәселелерінің негізгі аспектілері.....	44
Иманғазиева Ә.Ө., Запенова А.О. Қауіпсіздіктің катері ретіндегі есірткі бизнесі ұғымын зерттеудің теориялық негіздері.....	48
Қайнарлова А.С. Ұлым дейтін ел болмаса, елім дейтін ұл қайдан болсын.....	51
Касенова А.Д. Проблематика и совершенствование системы исполнительного производства в Республике Казахстан.....	53
Копбаева М., Омарова Г.Е., Рамазанова Л.М. Налоговая система и формирование инновационной политики в Республике Казахстан.....	56
Копбаева М., Омарова Г.Е., Рамазанова Л.М. Налоговая гармонизация как важное условие развития межгосударственных интеграционных процессов.....	58
Кутыбаева Е.Д., Каукышев Р.М., Адилова М. Правовые основы реализации общественного контроля в Республике Узбекистан.....	60
Кутыбаева Е.Д., Шабает А. Законодательство об административной ответственности Республики Узбекистан и вопросы его дальнейшего развития и совершенствования.....	63
Кушекбаева К.Е. Проблемы налоговой системы республики Казахстан и пути ее совершенствования.....	65
Майкенова А.А. Қарақшылық қылмысының жасалу себептерін құқықтық талдау.....	68
Майкенова А.А., Бейсенов М.Т. Қарақшылық қылмысының алдын алу жолдары және оның кейбір күрделі мәселелері.....	71
Махан Т.У., Жунисалиев А.Т., Қажигалиева Б. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша байқоңыр ғарыш аймағының зардап мәселелерін құқықтық реттеу.....	75
Махан Т.У., Куламанова А.Д., Ниязбек А.С. Тұрмыс қалдықтарын өндеуде экологиялық мәселелерін құқықтық реттеу.....	77
Махан Т.У., Тұрсынбаев М.Б., Орманова А. Тараз қаласының ауа мәселесінің құқықтық жағдайы.....	80

Несипбаева И.С., Запенова А.О. Орталық азия аймағындағы есірткі бизнесінің пайда болуы мен таралуының ауғандық факторы.....	83
Несипбаева И.С., Сайлаубаев Е. Қазіргі таңдағы терроризмді алдын - алудың өзекті мәселелері.....	85
Онгаров Н.А., Смагулов Д.К. Жалпыға ортақ адам құқықтарының декларациясы. қазақстандағы адам құқықтары.....	88
Онгаров Н.А. Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтары.....	90
Рахимбаева А. Қазақстан тарихнамасында заң актілерін тарихи дерек көзі.....	92
Рахышева К.Ж., Надирбеков Н.Р. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жер нарығын құқықтық реттеу аспектілері.....	96
Рахышева К.Ж., Өтеген Г.Қ. Жер нарығын мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеу механизмі және оны жүзеге асырудың жолдары.....	99
Рзабай А.И., Джасабаева Ж. Меншік құқығының қазақ хандығы тұсындағы ұғымы және ерекшеліктері.....	102
Рзабай А.И., Төлебаев К.С. Өлім жазасының орындалуының құқықтық тәртібі.....	106
Рзабай А.И., Шукаманов А.Б. Парақорлық қылмысының құқықтық нормаларын реттеудің әлеуметтік шарттары.....	109
Рузиев Р.Д., Конакбаев Г.Б. Еңбек қатынастарын реттеудегі жауапкершілік ерекшелігі және негіздері.....	112
Сатылғанов Е.Т., Жадраев И.К., Жунисалиев А.Т. Қазақстан республикасында медициналық сақтандыруды дамыту мәселелері.....	114
Тайтиева Ж.К., Тұрарова З.Т. Қазақ құқық жүйесіндегі құқықтық келісім бастаулар және оның ерекшеліктері.....	116
Тастанбаев А. Земельное правонарушение как основание возникновения юридической ответственности	119
Хе.И.Н., Иманбаева В.Д., Жолмырзаева Д.К. Евразийский союз в условиях глобализации... ..	121
Хе.И.Н., Иманбаева В.Д., Жолмырзаева Д.К. Методика подготовки студентов к составлению ситуационных задач по дисциплине «Трудовое право РК».....	123
2 СЕКЦИЯ	
Абаева А.К., Садыкова Д.Д. Білім беру барысында интерактивті оқыту әдістерін қолданудың жолдары.....	126
Абдрасилова Г.Л. Бастауыш сыныпта қазақ тілін пәнаралық байланыс арқылы жүргізу жолдары.....	128
Әбілдаева Қ.П. Бастауыш мектеп оқу үрдісіндегі интеграциялық оқытудың маңызы.....	131
Архабай Т.П. Ағылшын тілі сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдер арқылы дарынды оқушылардың таным, ізденіс қабілеттерін арттыру жолдары.....	135
Ахмет Ш.С. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.....	139
Базарбекова Ж.Ш. Жаңаша оқытуға жаңаша көзқарас.....	142
Базилбаева К.Б. Мектеп оқушыларының оқу нәтижелерін бақылаудың тиімді жолдары.....	144
Байбулова Г.А. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру жолдары.....	148
Байжұманова Ә.Б. Ақпараттық-коммуникативтік технология ағылшын тілі сабағында.....	150
Баймаханбетова М.С., Сайлыбаев Б.Ә. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби – дидактикалық құзреттілігін қалыптастыруды оқу-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету.....	152
Баймаханбетова М.С., Сайлыбаев Б.Ә. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі.....	156
Байхадамова Б.Е., Байхадам А.Е. Білім беру үдерісінде интегралды оқытудың ерекшелігі.....	159
Бақытқызы Г. Қазіргі білім беру мекемелеріндегі тұлғаның этностық өзіндік санасын құалыптастыру.....	163
Бақытқызы Г. Білім беру ұйымдарында балалардың этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары	165
Баялиев Р.Ж. Оқытудың жаңа педагогикалық технологияның тиімділігі.....	168
Бегаулова А.А. Білімгерлердің білім сапасын арттырудың технологиялық жүйесі.....	171
Бекназарова Б.О. Биология пәнінде оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесін пайдалану- нәтижеге жетудің негізі.....	175
Бердишева А.О. Қорқыт атаның өміршең рухани мұралары.....	179

Бидайбекова Д.А. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып оқушылардың экологиялық білімін арттыру жолдары.....	181
Даниярова Ж.Қ. Мектеп жасына дейінгі балалардыңкөптілді меңгеруініңпсихологиялық мүмкіндіктері.....	185
Джаксылыкова У.С. Педагогическая рефлексия как профессиональная компетенция.....	188
Джаксылыкова У.С. Диалогтық оқыту – тұлғааралық қатынасты дамытудың негізгі құралы.....	191
Джунисова І.Б., Абдирасилов М. Жоғарғы оқу орындарында білімгерлердің әдіснамалық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	193
Досжанова Н.О., Оспан Ә.О. Бала тілінің лексикалық жүйесін оқыту кезінде жаңа бағыттарда қолдану.....	196
Ералиева К.А. Мектеп мұғалімінің кәсіби – интеллектуалдық белсенділігін арттырудың педагогикалық – психологиялық аспектілері.....	198
Еселбаева Ж.Б. Білім беру жүйесін жанартуда мұғалім құзыреттілігін дамыту.....	202
Жуматаева А.Б., Таджиев А.Ғ. Жоғары мектепте студенттерді қазақстандық құндылықтар арқылы адамзаттыққа тәрбиелеу проблемалары.....	205
Жүнісова А.Қ. Қазақтың ұлттық ойындарын пайдалану арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу.....	208
Қалдарбекова Қ.Ш., Кушеров Н.М. Жалпы білім беретін мектептерде мүгедек балаларды инклюзивті оқытудың педагогикалық негізі.....	211
Караматуллаева Х.Е. Внедрение интеграционных процессов в хореографическое образование.....	213
Қарамурзаева Ұ.У. Қазақстан патриотизмінің негіздері және оның қалыптастыру жолдары....	217
Кариев С.К., Сыдықова Қ.Ө. Қазақ халық педагогикасының білімгерлердің ақыл-ойын дамытудағы педагогикалық мүмкіндіктері.....	220
Карымбаева С.М. Баланың сыни ойлау дағдысын дамытуға құрылған әрекеттердің ұйымдастырылуы.....	224
Кашкенбаева А.Н., Даникеева А.Б. Жоғары оқу орны студенттерінің оқу іс-әрекетін қалыптастыру-психологиялық-педагогикалық проблема.....	226
Келиманова Ж.М. Жеткіншектік шақтағы балалармен қарым-қатынаста кездесетін қиындықтар.....	229
Келиманова Ж.М., Байгутдиева Ж. Ғылымның дамуы – еліміздің болашағы.....	231
Кембаева Г.Д. Тұлғалық бағдарлы білім беру негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың моделі және педагогикалық шарттары.....	232
Қожабергенова Г.Е. Білім сапасын бағалаудың жаңа ерекшеліктері.....	235
Қожабергенова Г.Е. Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасы және оны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негізі.....	239
Кожамберлиев Б., Есенбаев Т. Математикалық білімді халықтық педагогикасы идеяларының негізінде дамыту жолдары.....	241
Қозыбағарова А.Ж. Педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімді кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке даярлау.....	245
Көлбаева Ж.А. Педагогикалық білім берудегі интеграциялық іс-әрекет интеллектуалдық білім мен рухани-адамгершілік білімнің үйлесімді дамуының кепілі.....	249
Кошербаева Ж.С. Бастауыш сатыда оқу-тәрбие үрдісіндегі интеграциялық іс-әрекет.....	252
Кулен Ф.Ж., Кошеров Н.М. Коммуникативная культура как основа профессиональной подготовки педагога-психолога.....	254
Курумбаева Ж.М. Казахский народный танец в развитии национального сознания и творческой активности студентов.....	257
Майлыбаева А.И. Педагогикалық мониторинг білім сапасын бағалаудың басты механизмі.....	261
Мамбетқызы А. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.....	264
Мамиреева А.Ә. Мүмкіндігі шектеулі балаларға элеуметтік педагогтың рөлі.....	266
Мамырқұлов Р.Қ., Қасымов С.Б., Умирбаев К.А. Дене шынықтыру мен спорттың өзіндік құндылығы.....	270
Махаева А.А., Сайлыбаев Б.Ә. Болашақ бастауыш сынып мамандарының сыныптан тыс	

тәрбие жұмысын ұйымдастыруға даярлығын қалыптастыру.....	273
Мейірханова Н.А. Жаңа технология элементтерін оқыту үрдісінде пайдалану мұғалімнің пәндік құзыреттілігінің басты шарты.....	275
Мусабаева А.А. Инновациялық білім беру технологияларын мектептің оқу үрдісінде пайдаланудың теориялық негіздері.....	278
Мустафаева Г. Қазіргі оқытуға жаңаша көзқарастың өзектілігі.....	281
Мырзагелдиева М.А., Сарыбекова Ж.Т. Болашақ мамандардың рухани- педагогикалық дамуы.....	283
Олжатаева А.А. Күйзеліс (стресс) және оны жеңу тәсілдері.....	285
Оразтаев К.А., Ботбаев А.К. Организация самостоятельной познавательной деятельности студентов в условиях многоуровневой системы образования.....	288
Рыскулбекова А.С. Актуальные проблемы профессионального самоопределения подростков (с учетом новых профессий на мировом рынке труда).....	290
Садралиева А.А. Ә.Кекілбаев көркем шығармаларындағы аңыздың орны, қолданылу ерекшелігі.....	292
Садуақасаова Ұ.С., Кушерев Н.М. Инклюзивтік білім берудің маңыздылығы.....	296
Сарыбеков Қ-Д.Н., Укибаев Р. Оқушыларға экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы пәнаралық байланыстың мүмкіндіктері.....	298
Сарыбеков Қ-Д.Н., Укибаев Р. Экологиялық қызметтің құрылуының жағдайына байланысты оқушылардың біліктілігі және табиғатты белсенді қорғауға тәрбиелеу.....	302
Сарыбеков Қ-Д.Н., Шоқалақова С.Б. Студенттердің адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың кейбір мәселелері.....	306
Сейітнұр Ж.С., Тлеугабылова З.А., Исмаилова Г.А. Студенттердің білімдерін бағалаудағы кейбір мәселелер.....	307
Сұлтанова Д.М. Білім берудегі инновациялық технологияларды басқарудың ерекшеліктері....	311
Таджиев А.Г., Таджикибаева Ж.С. Болашақ мұғалімдердің экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы бейнелеу өнерінің мәні мазмұны.....	315
Тайлюбекова Г.Т., Жумаханова С.Б. Жастарға инновациялық білім беру үдерістерін дамыту арқылы толеранттылыққа тәрбиелеу.....	318
Танаева А.С., Сарыбекова Ж.Т. Отбасы қақтығыстарының кезеңдері және әр түрлі жүйелерде көрініс табуы.....	322
Тоғаева А.А. Патриоттық тәрбие – ел болашағы.....	326
Уали Н.Б. Жаратылыстану-химия пәндерін оқытуда ұлттық құндылықтарды жоғары қоятын жеке тұлға тәрбиелеу.....	328
Хасенова М.М. Білім берудің құзыреттілік үлгісі: тәжірибе мен инновациялық технологияларды қолдану.....	331

3 СЕКЦИЯ

Аскарова Э.Т., Нагуманов Н.С. Перспективы развития государственного финансового контроля в Республике Казахстан и пути совершенствования его организации.....	336
Аязбекова Ж.С., Оспанова Ж.С. Өндірістік есеп және оның басқарудағы ролі.....	340
Байхадамова М.М. Ақша қаражаттары қозғалысының есебін құрастыру мәселелері.....	342
Дүйсембаева А.Т., Мамырбаева М.Ж., Серикова А. Пути развития малого и среднего бизнеса в Республике Казахстан.....	345
Жалбиева А.С., Жусипова Б.Ш., Сапарбаева М.Б. Қазақстандағы шағын бизнесті дамытудың жолдары.....	347
Жапарова Р.Т. Шағын және орта бизнес кәсіпорындарының несиелік қабілетін талдау.....	350
Жексенбиева М.С., Дауренбекова С.Н. Қазақстандағы кәсіпкерлік және кәсіпорындардың жағдайлары, талаптары және басқару әдістері.....	353
Искакова К.Н. Экономическая природа инновации на рынке банковских услуг.....	356
Калдыгозова М.А., Садыков У.Е. Приоритетные направления использования конкурентных стратегий для успешной реализации товара.....	360
Калдыгозова М.А., Кокумбаева Б.А. Реализация маркетинговой политики как приоритетный фактор повышения эффективности производства.....	362
Қалымбетова С.Д., Сейтказиев Қ.Ж. Аймақ еңбек нарығындағы жастардың жұмыспен қамтылуын басқаруды жетілдіру.....	365

Керимкулова Э.З. Инновационно-индустриальное развитие и его роль для повышения благосостояния экономики Казахстана.....	368
Керимкулова Э.З. Стимулирование сбыта как фактор эффективного маркетинга.....	371
Керимкулова Э.З., Мекебай Д.Б. Аймақтағы кәсіпкерлікті дамытуға байланысты қабылданған негізгі мемлекеттік бағдарламалар және нәтижелер.....	374
Қостанбаева А.А., Оспанова Ж.С. Дүниежүзілік сауда ұйымына кірудің экономиканың аграрлық секторын дамытудағы ролі.....	377